

Меншік иесі және баспагер:
«Қазақстан Республикасының
Заңнама институты» ММ
2006 жылдан бастап шығады
Журналдың материалдары
www.iz.adilet.gov.kz

сайтында орналастырылған
Заң ғылымдары бойынша
диссертациялардың негізгі ғылыми
нәтижелерін жариялауға арналған
басылымдар тізіліміне енгізілген
(ҚР БҒМ БҒСБК 30.05.2013 ж.
№894 бұйрығы)

Редакциялық кеңес құрамы

Түкиев А.С. – з.ғ.к. (Астана,
Қазақстан) – (төраға)
Абайділдинов Е.М. – з.ғ.д. (Астана,
Қазақстан)
Абызов Р.М. – з.ғ.д. (Мәскеу, Ресей)
Белых В.С. – з.ғ.д. (Екатеринбург,
Ресей)
Губин Е.П. – з.ғ.д. (Мәскеу, Ресей)
Борчашвили И.Ш. – з.ғ.д. (Астана,
Қазақстан)
Мельник Р.С. – з.ғ.д. (Киев, Украина)
Моисеев А.А. – з.ғ.д. (Мәскеу, Ресей)
Муромцев Г.И. – з.ғ.д. (Мәскеу, Ресей)
Рахметов С.М. – з.ғ.д. (Астана,
Қазақстан)
Малиновский В.А. – з.ғ.д. (Астана,
Қазақстан)
Шерубай Құрманбайұлы – ф.ғ.д.
(Астана, Қазақстан)

Редакциялық алқа құрамы

Құлжабаева Ж.О. – з.ғ.к. (Астана,
Қазақстан) – (төраға)
Абылайұлы А. – PhD (Астана,
Қазақстан)
Азер Алиев – PhD (Киль, Германия)
Айымбетов М.А. – ҚР еңбек сіңірген
мәдениет қайраткері (Астана,
Қазақстан)
Байниязова З.С. – з.ғ.к. (Саратов,
Ресей)
Досмырза Д.Д. – з.ғ.к. (Астана,
Қазақстан)
Дүйсенов Е.А. – з.ғ.к. (Астана,
Қазақстан)
Қанатов А.Қ. – з.ғ.к. (Астана,
Қазақстан)
Қоныс В.Т. – з.ғ.к. (Астана,
Қазақстан)
Маммадов У.Ю. – з.ғ.к. (Казан, Ресей)
Мырзаева Ш.Р. (Астана, Қазақстан)
Рахымбердин К.Х. – з.ғ.д. (Өскемен,
Қазақстан)
Свободный Ф.К. – з.ғ.к. (Барнаул,
Ресей)
Тегізбекова Ж.Ч. – з.ғ.к. (Бішкек,
Қырғызстан)
Тілембаева Ж.О. – з.ғ.к. (Астана,
Қазақстан)

Журнал редакциясы

Колтубаева Г.Б.
Ермек А.Б.
Жұмагелдина Б.Ж.
Байленова А.Қ.
Сақтағанов Ә.Ғ.

Қазақстан Республикасы Мәдениет
және ақпарат министрлігі Ақпарат
және мұрағат комитетінің
БАҚ есепке қою туралы куәлігі
№ 11219-Ж 15.11.2010 ж.
(Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі
мен мерзімі №6592-Ж. 07.09.2005 ж.)

Мекен-жайы:

Қазақстан Республикасы,
010000, Астана қ., Мәңгілік ел даңғ.,
8 үй
тел.: 8(7172)74-02-06;
факс: 8(7172)74-14-43
E-mail: instzak-kz@mail.ru,
institutzakonodatelstva@gmail.com
www.iz.adilet.gov.kz

МАЗМҰНЫ

Редакция бағанасы	8
Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің жиырма бес жылдығы декларациясы, 2016 жылғы 23 қараша	14
«Жаршының» мұрағат беттері	
М.Т. БАЙМАХАНОВ Заң шығармашылығына және заңнаманы жүйелеуге кешенді тәсілдердің қажеттілігі туралы (ҚР ЗИ жаршысы, №1-2006, 8-12 б.)	21
Ж.О. ТІЛЕМБАЕВА Академик М.Т. Баймахановтың заң шығармашылығына және заңнаманы жүйелеуге тұжырымдамалық тәсілдері	25
Конституциялық және әкімшілік құқық	
С.Т. ӘЛІБЕКОВ Қазақстан тәуелсіздігінің құқықтық парадиг- масын қалыптастыру мәселесіне	36
Р.А. ПОДОПРИГОРА Қазақстан Республикасының әкімшілік құқығы мен әкімшілік заңнамасының тәуелсіздік жылдарындағы да- муы	43
Н.А. БИЕКЕНОВ, Т.С. СӘЛКЕБАЕВ Жергілікті по- лиция қызметін ұйымдастыру және оның қызметінің кейбір тұжырымдамалық мәселелері	50
С.Ж. ӘБДІРАХМАНОВА Қазақстан Республикасындағы адвокаттық қызметті жетілдіру	56
Азаматтық, азаматтық процестік құқық	
М.К. СҮЛЕЙМЕНОВ Меншік құқығы, заңды тұлға және шарттық міндеттеме азаматтық құқықтың негізгі институттары ретінде: жиырма бес жыл дамуы	64
В.С. БЕЛЫХ (Екатеринбург қ., РФ) Англияның әділдік құқығы бойынша қорғану құралдары	75
В.Т. ҚОНЫС Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексіні жетілдірудің кейбір проблемалары мен перспективалары ту- ралы	84
И.Қ. ЕЛЕУСІЗОВА, Д.М. ТҰРЛЫБЕК Шет елдердің мемлекеттік кәсіпорындар және жария компаниялар саласындағы заңнамасын салыстырмалы талдауы	92
Қылмыстық құқық және қылмыстық процесс	
Р.Т. НҰРТАЕВ, А.Қ. ҚАНАТОВ Қазіргі заманғы Қазақстанның қылмыстық саясатының өзекті проблемалары	102
Н.А. САРТАЕВА Қазақстан Республикасының қылмыстық заңының 25 жылдық жолы: Мемлекеттік Тәуелсіздік жарияланғанынан бастап қазіргі заманға дейін	110
С.М. РАХМЕТОВ Қылмыстық теріс қылықтың және әкімшілік құқық бұзушылықтар мен қылмыстардың аражігін ажырату пробле- малары	118
А.Н. АХПАНОВ, А.Л. ХАН Қазақстан Республикасының қылмыстық процесінде ашық және жасырын тергеу әрекеттерін са- лыстыру туралы	124
Халықаралық құқық және салыстырмалы құқықтану	
М.А. SARSEMBAYEV International cooperation of Kazakhstan AIC with WTO, FAO, OECD, EU during the 25-year of sovereign development of the Republic (Қазақстанның АОК Республиканың 25 жылдық егеменді дамуы кезеңіндегі ДСҰ-мен, ФАО-мен, ЭЫДҰ- мен, ЕО-мен ынтымақтастығы)	133
D. DOSMYRZA, A. KANATOV Comparative law analysis of legislative regulation of law enforcement activity in Turkey and Kazakhstan (Түркияның және Қазақстанның құқық қорғау қызметін заңнамалық реттеудің салыстырмалы-құқықтық талдауы)	140
А.М. СӘРСЕНОВ (Мәскеу қ., РФ) Еуразиялық экономикалық одақты құрудың құқықтық негіздері	148
Е.М. АБАЙДІЛДИНОВ, А.Ж. САҒИДАН, А.С. ИРЖАНОВ, А.А. КӘРІБАЕВА, А. АБЫЛАЙҰЛЫ ЭЫДҰ елдерінің стандарт- тарына өту аясында Қазақстан Республикасында зияткерлік меншік саласындағы ұйымдастырушылық-құқықтық негіздерді жетілдірудің кейбір аспектілері (Талдамалық шолу)	158

Құқықтық мониторинг

Т.С. САФАРОВА Құқықтық және тақырыптық (функционалды) мониторингтері арақатынасының кейбір мәселелері.....	169
Е.З. БЕКБАЕВ, А.Б. ЕСІМОВА «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңы және ауқымды жекешелендіру мәселелері.....	174
Г.Б. ҚЫСЫҚОВА Мемлекеттік сатып алуға қатысушылардың заңнаманы іске асыруының кейбір мәселелері.....	180
А. KAZBAYEVA Justification for construction code development and adoption (legal monitoring results) in the Republic of Kazakhstan (Қазақстан Республикасында Құрылыс кодексін әзірлеу мен қабылдаудың негіздемесі (Құқықтық мониторингтің нәтижелері).....	188

Мемлекеттік тілдегі заң шығармашылығы практикасынан

Н.М. ПРИМАШЕВ Ұлттық құқықтың қазақ тіліндегі лексика қорының генезисі.....	194
М.А. АЙЫМБЕТОВ Ел егемендігі және тіл.....	198

Шетелдік тәжірибе (Минск қ., Беларусь Республикасы)

С.М. СИВЕЦ Қазіргі кезеңдегі Беларусь Республикасының әлеуметтік саясатын жүргізу тиімділігін арттыру стратегиясы.....	204
Н.А. САВАНОВИЧ Беларусьтағы азаматтар мен заңды тұлғалардың өтініштері туралы заңнаманың дамуы.....	211
С.С. ЛОСЕВ Беларусь Республикасының патенттік құқығы дамуының өзекті проблемалары.....	219
Е.Ю. КИРИЛЛОВА Беларусь Республикасындағы ата-ана құқығынан айырудың теориялық аспектілер.....	226

Жас ғалым мінбері

Р.Қ. ҚАНАТОВ Қазақстан Республикасының тауар белгілерін, өнеркәсіптік меншік объектілерін және селекциялық жетістіктерін құқықтық қорғау саласындағы қолданыстағы заңнамасын жетілдіру мәселелері («Зияткерлік меншік саласындағы заңнаманы жетілдіру: Қазақстанның ЕАЭО және ДСҰ қатысуы жағдайында ЭЫДҰ тәжірибесін ескеру» атты іргелі және ғылыми-қолданбалы зерттеудің талдамалық есеп материалдары негізінде).....	232
ДУН ВЭНЫЦЗЮАНЬ Қазақстан Республикасында жанармай құю станциялары арқылы мұнай өнімдерін бөлшектеп сату нарығы дамуының проблемалары (КХР-мен салыстырғанда).....	241

Ақпараттық хабарламалар

2016 жылғы 3-4 қарашадағы Бішкек қаласында өткізілген «Әкімшілік құқықтағы көз қарас және баға беру түсініктері» тақырыбында әкімшілік құқық бойынша VII-ші халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы туралы ақпараттық хабарлама.....	248
2016 жылғы 11 қарашадағы Астана қ. өткізілген Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған «Мемлекеттің норма шығарушылық қызметін жетілдіруде іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулердің рөлі» тақырыбындағы ғылыми-практикалық конференция туралы ақпараттық хабарлама.....	251
2016 жылғы 25 қарашадағы Астана қ. өткізілген «Ағылшын құқығы ережелерін имплементациялау негізінде Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасын жетілдіру» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция туралы ақпараттық хабарлама.....	254

Мерейтой

ҚР еңбек сіңірген мәдениет қайраткері, Қазақстан Республикасы Заңнама институты Лингвистика орталығының жетекші ғылыми қызметкері М.А. Айымбетов – 70 жаста.....	256
Қазақстан Республикасы Заңнама институты Лингвистика орталығының жетекші ғылыми қызметкері Е. Сафуани – 70 жаста.....	257

Даналық ойлар.....	258
--------------------	-----



Собственник и издатель:

ГУ «Институт законодательства

Республики Казахстан»

Издается с 2006 года

Все материалы журнала размещаются

на сайте www.iz.adilet.gov.kz

Включен в перечень изданий

для публикации основных научных

результатов диссертаций

по юридическим наукам

(Приказ ККСОН МОН РК №894

от 30.05.2013 г.)

Состав Редакционного совета**Тукеев А.С.** – к.ю.н. (Астана, Казах-

стан) – (председатель)

Абайдельдинов Е.М. – д.ю.н. (Астана,

Казахстан)

Абызов Р.М. – д.ю.н. (Москва, Россия)**Белых В.С.** – д.ю.н. (Екатеринбург,

Россия)

Губин Е.П. – д.ю.н. (Москва, Россия)**Борчашвили И.Ш.** – д.ю.н. (Астана,

Казахстан)

Мельник Р.С. – д.ю.н. (Киев, Украина)**Моисеев А.А.** – д.ю.н. (Москва, Россия)**Муромцев Г.И.** – д.ю.н. (Москва,

Россия)

Рахметов С.М. – д.ю.н. (Астана, Ка-

захстан)

Малиновский В.А. – д.ю.н. (Астана,

Казахстан)

Шерубай Күрманбайұлы – д.ф.н.

(Астана, Казахстан)

Состав Редакционной коллегии**Кулжабаева Ж.О.** – к.ю.н. (Астана,

Казахстан) – (председатель)

Абылайұлы А. – PhD (Астана, Казах-

стан)

Азер Алиев – PhD (Киль, Германия)**Айымбетов М.А.** – заслуженный дея-

тель культуры РК (Астана, Казахстан)

Байниязова З.С. – к.ю.н. (Саратов,

Россия)

Досмырза Д.Д. – к.ю.н. (Астана, Ка-

захстан)

Дюсенов Е.А. – к.ю.н. (Астана, Казах-

стан)

Канатов А.К. – к.ю.н. (Астана, Казах-

стан)

Конусова В.Т. – к.ю.н. (Астана, Казах-

стан)

Маммадов У.Ю. – к.ю.н. (Казань,

Россия)

Мырзаева Ш.Р. (Астана, Казахстан)**Рахимбердин К.Х.** – д.ю.н. (Усть-

Каменогорск, Казахстан)

Свободный Ф.К. – к.пс.н. (Барнаул,

Россия)

Тегизбекова Ж.Ч. – к.ю.н. (Бишкек,

Кыргызстан)

Тлембаева Ж.У. – к.ю.н. (Астана,

Казахстан)

Редакция журнала**Колтубаева Г.Б.****Ермек А.Б.****Жумагелдина Б.Ж.****Байленова А.К.****Сактаганов А.Г.**

Свидетельство о постановке

на учет СМИ № 11219-Ж

от 15.11.2010 г. Комитета информации

и архивов Министерства культуры

и информации Республики Казахстан

(№ и дата первичной постановки на учет

№6592-Ж. 07.09.2005 г.)

Адрес:

Республика Казахстан,

010000, г. Астана, пр. Мәңгілік ел, д. 8

тел.: 8(7172)74-02-06;

факс: 8(7172)74-14-43

E-mail: instzak-kz@mail.ru,institutzakonodatelstva@gmail.comwww.iz.adilet.gov.kz**СОДЕРЖАНИЕ****Колонка редакции**.....10*Декларация двадцатипятилетия независимости Республики Казахстан, 23 ноября 2016 года*.....17**Архивные страницы «Вестника»****М.Т. БАЙМАХАНОВ** О необходимости комплексного подхода к законодотворчеству и систематизации законодательства (Вестник ИЗ РК, №1-2006, с. 8-12).....21**Ж.У. ТЛЕМБАЕВА** Концептуальные подходы к законодотворчеству и систематизации законодательства академика М.Т. Баймаханова.....25**Конституционное и административное право****С.Т. АЛИБЕКОВ** К вопросу формирования правовой парадигмы Независимости Казахстана.....36**Р.А. ПОДОПРИГОРА** Развитие административного права и административного законодательства Республики Казахстан за годы независимости.....43**Н.А. БИЕКЕНОВ, Т.С. САЛКЕБАЕВ** Некоторые концептуальные вопросы организации и деятельности местной полицейской службы.....50**С.Ж. АБДРАХМАНОВА** Совершенствование адвокатской деятельности в Республике Казахстан.....56**Гражданское и гражданско-процессуальное право****М.К. СУЛЕЙМЕНОВ** Право собственности, юридическое лицо и договорное обязательство как основные институты гражданского права: двадцать пять лет развития.....64**В.С. БЕЛЫХ** (г. Екатеринбург, РФ) Средства защиты по праву справедливости Англии.....75**В.Т. КОНУСОВА** О некоторых проблемах и перспективах совершенствования Гражданского процессуального кодекса Республики Казахстан.....84**И.К. ЕЛЕУСИЗОВА, Д.М. ТУРЛЫБЕК** Сравнительный анализ законодательства зарубежных стран в сфере государственных предприятий и публичных компаний.....92**Уголовное право и уголовный процесс****Р.Т. НУРТАЕВ, А.К. КАНАТОВ** Актуальные проблемы уголовной политики современного Казахстана.....102**Н.А. САРТАЕВА** 25-летний путь уголовного закона Республики Казахстан: от провозглашения Государственной Независимости до современности.....110**С.М. РАХМЕТОВ** Проблемы отграничения уголовных проступков от административных правонарушений и преступлений.....118**А.Н. АХПАНОВ, А.Л. ХАН** О соотношении гласных и негласных следственных действий в уголовном процессе Республики Казахстан.....124**Международное право и сравнительное правоведение****М.А. SARSEMBAYEV** International cooperation of Kazakhstan AIC with WTO, FAO, OECD, EU during the 25-year of sovereign development of the Republic (Сотрудничество АПК Казахстана с ВТО, ФАО, ОЭСР, ЕС в течение 25-летнего суверенного развития Республики).....133**D. DOSMYRZA, A. KANATOV** Comparative law analysis of legislative regulation of law enforcement activity in Turkey and Kazakhstan (Сравнительно-правовой анализ законодательного регулирования правоохранительной деятельности Турции и Казахстана).....140**А.М. САРСЕНОВ** (г. Москва, РФ) Правовые основы создания Евразийского экономического союза.....148**Е.М. АБАЙДЕЛЬДИНОВ, А.Ж. САГИДАН, А.С. ИРЖАНОВ, А.А. КАРИБАЕВА, А. АБЫЛАЙҰЛЫ** Некоторые аспекты совершенствования организационно-правовых основ интеллектуальной собственности в Республике Казахстан в контексте перехода на стандарты стран ОЭСР (Аналитический обзор).....158

Правовой мониторинг

Т.С. САФАРОВА Некоторые вопросы соотношения правового и тематического (функционального) мониторингов.....	169
Е.З. БЕКБАЕВ, А.Б. ЕСИМОВА Закон Республики Казахстан «О государственном имуществе» и вопросы масштабной приватизации.....	174
Г.Б. КЫСЫКОВА Некоторые вопросы реализации законодательства участниками государственных закупок.....	180
А. KAZBAYEVA Justification for construction code development and adoption (legal monitoring results) in the Republic of Kazakhstan (Обоснование разработки и принятия Строительного кодекса в Республике Казахстан (Результаты правового мониторинга)).....	188

Из практики законотворчества на государственном языке

Н.М. ПРИМАШЕВ Генезис лексического запаса национального права на казахском языке.....	194
М.А. АЙЫМБЕТОВ Суверенитет государства и развитие языка.....	198

Зарубежный опыт (г. Минск, Республика Беларусь)

С.М. СИВЕЦ Стратегия повышения эффективности проведения социальной политики Республики Беларусь на современном этапе.....	204
Н.А. САВАНОВИЧ Эволюция законодательства об обращениях граждан и юридических лиц в Беларуси.....	211
С.С. ЛОСЕВ Актуальные проблемы развития патентного права Республики Беларусь.....	219
Е.Ю. КИРИЛЛОВА Теоретические аспекты лишения родительских прав в Республике Беларусь.....	226

Трибуна молодого ученого

Р.К. КАНАТОВ Проблемы совершенствования действующего законодательства Республики Казахстан в области правовой охраны товарных знаков, объектов промышленной собственности и селекционных достижений (по материалам Аналитического отчета фундаментального и научно-прикладного исследования «Совершенствование законодательства в сфере интеллектуальной собственности: учет опыта ОЭСР в условиях участия Казахстана в ЕАЭС и ВТО»).....	232
ДУН ВЭНЦЗЮАНЬ Проблемы развития рынка розничной торговли нефтепродуктов посредством АЗС в Республике Казахстан (в сравнении с КНР).....	241


Информационные сообщения

Информационное сообщение о VII-й международной научно-практической конференции по административному праву на тему: «Усмотрение и оценочные понятия в административном праве», г. Бишкек, 3-4 ноября 2016 года.....	248
Информационное сообщение о научно-практической конференции «Роль фундаментальных и прикладных научных исследований в совершенствовании нормотворческой деятельности государства», посвященной 25-летию независимости Республики Казахстан, г. Астана, 11 ноября 2016 года.....	251
Информационное сообщение о международной научно-практической конференции «Совершенствование гражданского законодательства Республики Казахстан на основе имплементации положений английского права», г. Астана, 25 ноября 2016 года.....	254

Юбилей

Заслуженному деятелю культуры РК, ведущему научному сотруднику Центра лингвистики Института законодательства Казахстан Айымбетову М.А. – 70 лет.....	256
Ведущему научному сотруднику Центра лингвистики Института законодательства Казахстан Сафуани Е. – 70 лет.....	257

Мудрые мысли	258
---------------------------	-----



Owner and publisher:
SI «Legislation Institute
of the Republic of Kazakhstan»
Published since 2006
All journal materials are placed
on the website
www.iz.adilet.gov.kz

Included in the list of publications of basic
scientific results of dissertations on legal
sciences (Order CCES MES RK №894
from 05.30.2013)

Editorial Council members

Tukiyev A.S. – c.j.s. (Astana, Kazakhstan)
– (Chairman)
Abaydeldinov E.M. – d.j.s. (Astana,
Kazakhstan)
Abyzov R.M. – d.j.s. (Moscow, Russian)
Belih V.S. – d.j.s. (Ekaterinburg, Russian)
Gubin E.P. – d.j.s. (Moscow, Russian)
Borchashvili I.Sh. – d.j.s. (Astana, Ka-
zakhstan)
Melnik R.S. – d.j.s. (Kiev, Ukraine)
Moiseev A.A. – d.j.s. (Moscow, Russian)
Muromcev G.I. – d.j.s. (Moscow, Russian)
Rahmetov S.M. – d.j.s. (Astana, Kazakh-
stan)
Malinovskiy V.A. – d.j.s. (Astana, Kazakh-
stan)
Sherubai Kurmanbaiuly – d.ph.s.
(Astana, Kazakhstan)

Editorial Board members

Kulzhabayeva Zh.O. – c.j.s. (Astana,
Kazakhstan) – (Chairman)
Abylaiuly A. – PhD (Astana, Kazakhstan)
Azer Aliyev – PhD (Kiel, Germany)
Aiymbetov M.A. – Honored Worker of
Culture of Kazakhstan, (Astana, Kazakh-
stan)
Bainiyazova Z.S. – c.j.s. (Saratov, Rus-
sian)
Dosmyrza D.D. – c.j.s. (Astana, Kazakh-
stan)
Dyusenov E.A. – c.j.s. (Astana, Kazakh-
stan)
Kanatov A.K. – c.j.s. (Astana, Kazakh-
stan)
Konusova V.T. – c.j.s. (Astana, Kazakh-
stan)
Mammadov U.Y. – c.j.s. (Kazan', Rus-
sian)
Myrzaeva Sh.R. (Astana, Kazakhstan)
Rakhimberdin K.H. – d.j.s. (Ust-Kame-
nogorsk, Kazakhstan)
Svobodniy F.K. – c.ps.s. (Barnaul, Rus-
sian)
Tegizbekova Zh.Ch. – c.j.s. (Bishkek,
Kyrgyzstan)
Tlembaeva Zh.U. – c.j.s. (Astana, Ka-
zakhstan)

The editorial staff

Koltubayeva G.B.
Yermek A.B.
Zhumageldina B.Zh.
Bailenova A.K.
Saktaganov A.G.

The certificate of registration of mass media
№11219-G from 15.11.2010 from
the Committee of Information and Archives
of the Ministry of Culture and Information
of the Republic of Kazakhstan
(Number and date of primary registration
№6592-Zh.07.09.2005.)

Address:

The Republic of Kazakhstan,
010000, Astana, Mangilik el pr., 8
tel.: 8 (7172) 74-02-06
fax: 8 (7172) 74-14-43
e-mail: instzak-kz@mail.ru,
institutzakonodatelstva@gmail.com
www.iz.adilet.gov.kz

CONTENT

Editorial.....12

*Declaration of the twenty-fifth anniversary of Independence of the
Republic of Kazakhstan, November 23, 2016*.....14

Archive «Bulletin» page

M.T. BAIMAKHANOV On the need for an integrated approach
to lawmaking and systematization of legislation (Bulletin of IL of the
RK, №1-2006, 8-12 p.).....21

Zh.U. TLEMBAEVA Conceptual approaches to the lawmaking and
systematization of legislation of academician M.T. Baymahanov.....25

Constitutional and administrative law

S.T. ALIBEKOV Formation of legal paradigm of the independence
of the Republic of Kazakhstan.....26

R.A. PODOPRIGORA Development of administrative law
and administrative legislation of the Republic of Kazakhstan since the
independence.....43

N.A. BIEKENOV, T. S. SALKEBAEV Some conceptual questions
of organization and activities of local police services.....50

S.Zh. ABDRAKHMANOVA Improving advocacy in the Republic
of Kazakhstan.....56

Civil and Civil Procedural Law

M.K. SULEYMENOV The property right, legal entity and a
contractual obligation as the main institutions of civil law: twenty-five
years of development.....64

V.S. BELYKH (Ekaterinburg, RF) Legal remedies provided by the
equity law of England.....75

V.T. KONUSSOVA Some problems and prospects of improvement
of Civil procedural code of the Republic of Kazakhstan.....84

I.K. ELEUSSIZOVA, D.M. TURLYBEK Comparative analysis
of the law of foreign countries in the field of state enterprises and public
companies.....92

Criminal law and criminal procedure

R. NURTAYEV, A. KANATOV Issues of the Kazakhstan's criminal
policy.....102

N.A. SARTAIEVA 25 years way of Kazakhstan Criminal Law from
the independence to present days.....110

S.M. RAKHMETOV Problems of differentiation of criminal
infractions against administrative offenses and crimes.....118

A.N. AKHPANOV, A.L. KHAN Interaction of public and secret
investigative actions in criminal process of Republic of Kazakhstan.....124

International law and comparative jurisprudence

M.A. SARSEMBAYEV Cooperation of Kazakhstan Agro
Industrial Complex (AIC) with WTO, FAO, OECD, EU during the
25-year of sovereign development of the Republic.....133

D. DOSMYRZA, A.K. KANATOV Comparative law analysis
of legislative regulation of law enforcement activity in Turkey and
Kazakhstan.....140

A.M. SARSENOV (Moscow, RF) The legal basis for the creation of
the Eurasian Economic Union.....148

**E.M. ABAIDELDINOV, A.ZH. SAGIDAN, A.S. IRZHANOV,
A.A. KARIBAYEVA, A. ABYLAIULY** Some aspects of improving
of organizational and legal bases of intellectual property in the Republic
of Kazakhstan in the context of the transition to the OECD standards
(Analytical review).....158

Legal monitoring

T. SAFAROVA Some questions of interaction of legal and thematic
(functional) monitoring.....169

E.Z. BEKBAEV, A.B. ESIMOVA Law of the Republic of Kazakhstan
«On the state property» and questions of widescale privatization.....174

G.B. KYSSYKOVA Issues of realization of state procurements of legislation.....	180
A.G. KAZBAYEVA Justification of development and adoption of Construction code (legal monitoring results) in the Republic of Kazakhstan.....	188
Lawmaking practice in the official language	
N.M. PRIMASHEV Genesis of a vocabulary of the national right in Kazakh.....	194
M.A. AIYMBETOV Sovereignty of the state and development of language.....	198
International experience (<i>Minsk, Republic of Belarus</i>)	
S.M. SIVETS Strategy efficiency of the social policy of the Republic of Belarus today.....	204
N.A. SAVANOVICH Evolution of the legislation on appeals of citizens and legal entities in Belarus.....	211
S.S. LOSEV Issues of development of the patent law in the Republic of Belarus.....	219
E.Yu. KIRILLOVA Theoretical aspects of annulment in the Republic of Belarus.....	226
Young scientist tribune	
R.K. KANATOV Problems of improvement of the law of the Republic of Kazakhstan in legal protection of trademarks, industrial property objects, selection achievements (Based on the analytical report of the fundamental and applied scientific research «Improvement of legislation in the field of intellectual property: the account of the OECD experience in terms of participation of Kazakhstan in the EAEC and the WTO»).....	232
DONG WENJUAN Issues of development of retail trade of oil products through gasoline service stations in the Republic of Kazakhstan (in comparison with China).....	241
Announcements	
Information report about VII International scientific-practical conference on Administrative Law on the topic: «Discretion and evaluation concepts in administrative law», 3-4 November 2016, Bishkek.....	248
Announcement about scientific-practical conference «The role of fundamental and applied scientific researches in the improvement of rule-making activities of the state», dedicated to the 25th anniversary of Independence of the Republic of Kazakhstan, Astana, November 11, 2016.....	251
Information report about International scientific-practical conference on the topic: «Improvement of civil legislation of the Republic of Kazakhstan on the basis of the implementation of the provisions of English law», Astana, November 25, 2016.....	254
Anniversaries	
70 years to the Honored Worker of Culture of Kazakhstan, Leading researcher of the Legislation Institute of the Republic of Kazakhstan Madi Aiymbetov.....	256
70 years to the Honored Worker of Culture of Kazakhstan, Veteran of labour, Leading researcher of the Legislation Institute of the Republic of Kazakhstan Safuani Yessenkul.....	257
Wise thoughts	258



Мәди Айтбенбетұлы Айымбетов

Қазақстан Республикасының Заңнама институты
Лингвистика орталығының НҚА және халықаралық шарттар
жобаларына ғылыми лингвистикалық сараптама секторының
жетекші ғылыми қызметкері, Астана қ., Қазақстан Республикасы;
e-mail: m.aiymbetov@adilet.gov.kz

Түйін сөздер: термин қоры; халықаралық қолданыстағы термин; терминологиялық лексиканы біріздендіру.

Аннотация. Мақалада мәртебесі ҚР Конституциясында айқындалған ұлттық тіліміздің қоғам өміріндегі тұғырлы да биік орны туралы мәселе жан-жақты қарастырылып пайымдалады. Елбасының бұл аса маңызды мәселе жөнінде еліміздің тәуелсіздік жылдары ішінде тарихи дамуымызды арқау еткен еңбектерінде айтқан келелі де кемел ойларымен дәйектеліп, идеялық тұғырын өте айқын да нұсқалы айқындама берілгендігі қозғалып отырған тақырыптың өзегіне өрілген. Ұлттық тіліміздің ұлы да мәңгілік миссиясы – Мәңгілік ел идеясын орнықтыруға бет түзеген, тәуелсіздіктің жасампаздық рухы салтанат құрған елімізде халықтың ұлт ретіндегі бірегейлігін, тұтастықтығын сақтау, соған ұйтқы бола білу. Оның бұдан әрі де толысып өркендеуі бүгінгі таңдағы қоғамдық қатынастың сан-салалы мәселелерінде экономикалық, саяси, мәдени тұрғыдан жаһандық ықпалдасудың нәтижесіне тікелей байланысты екендігі бұлжымас ақиқат.

Бұл ретте мақалаға негізінен өзек болған тақырып – әсіресе тәуелсіздіктің соңғы жиырма жылында қабылданған ұлттық заңнамада ана тіліміздің өз мәнінде ұғынықты да ұтымды, жүйелі де орнықты, «заманға сай жаңғырып» көрініс беруіне ерекше ден қою мәселесі талданады. Ал заңнама - қоғам өмірінің барлық саласын қамтиды десек, онда қолданылатын құқық терминдері, сөз атаулары мен тұтастай лексикасы - ұлттық тілдік қорымыздың үлкен бір арнасы. Ал осы арнаның ағысы мейлінше таза да тұнық болуы, ел өмірінің әр салада дамып, өркендеуімен байланысты пайда болатын жаңа ұғымдық, мағыналық атаулармен толығып отыруы заңды құбылыс. Сондықтан заңнама лексикасына өзек болатын термин қоры ауқымының жылма-жыл молығуы да, жаңаруы да – ғылыми-практикалық сипаттағы факті. Тіл қолданысын, оның ішінде заңнама тілінің қолданысын өмірлік осы құбылыстан бөліп алып қарауға болмайды. Заңнама терминіне қойылатын талап да осы үрдістен келіп өрбиді, өйткені заң – қоғамдағы жалпы адами тыныс-тіршілік әрекетін реттейтін жарғылық әрі қағидалық құрал. Ал мұндай жағдайда оның белгілі бір нақты ұғымдарды бұлжытпастай дәл мағынада беруі өте маңызды. Осы реттен келгенде тілдік қорымызда көптеген жаңа ұғымдардың пайда болуы, тиісінше жаңа терминдердің тууы – заңды құбылыс.

Мақаланың ғылыми-практикалық түйіні Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламада атап көрсетілгендей, терминологиялық лексиканы біріздендіру, терминологиялық қорды толықтыру жөніндегі міндет өте өзекті болып саналады деген тұжырымның маңыздылығына бүгінгі заңнамадан алынған нақты дәлел-мысалдармен ерекше ден қоюға келіп саяды.

**СУВЕРЕНИТЕТ ГОСУДАРСТВА
И РАЗВИТИЕ ЯЗЫКА**

Айымбетов Мәди Айтбенбетұлы

Ведущий научный сотрудник сектора научно-лингвистической
экспертизы проектов НПА и международных договоров
Центра лингвистики Института законодательства
Республики Казахстан, г. Астана, Республика Казахстан;
e-mail: m.aiymbetov@adilet.gov.kz

Ключевые слова: терминологический фонд; термины международного применения; идентификация терминологической лексики.

Аннотация. В статье всесторонне, в концептуальном аспекте рассматривается вопрос о высоком назначении государственного языка в общественной жизни, статус которого определен Конституцией РК. Одним из основных аспектов затрагиваемой тематики являются актуальные и глубокие мысли Лидера нации – Елбасы, изложенных в его книгах об историческом развитии страны в разные годы независимости страны. Великая и вечная миссия государственного языка – это сохранение уникальной национальной особенности и единства народа Казахстана и быть идейной опорой в стране, где торжествует созидательный дух независимости. Дальнейшее его полное развитие непосредственно связано с результатами общественной жизни, которая интегрируется с экономической, политической и культурной глобализацией, это и есть незыблемая данность.

В этом аспекте анализируется основная стержневая тема статьи: эффективное и устойчиво-системное применение родного языка в национальном законодательстве, а также рассматривается вопрос о качественной его модернизации в силу требований времени. Если учесть, что объектом законодательства является правовые вопросы всех сфер общества, термины, которые отражают в нем нормативные содержания и, в целом, вся юридическая лексика также неотделима от национальной языковой лексико-семантической базы. Чистота и прозрачность этой базы, дополнение его новыми понятиями и предметным содержанием сопряжено с развитием страны в разных сферах современной жизни, и это является естественным явлением. Поэтому ежегодное дополнение, а также обновление терминологического фонда, являющийся основой законодательной лексики – неизбежный факт. И не следует рассматривать его отдельно от жизненных ситуаций. В этом же аспекте и возникают обязательные требования к законодательному термину, потому что закон – есть устав и правило, регулирующие общечеловеческие отношения в обществе. И здесь важным является его нормативная адекватность, юридическая точность. С этой точки зрения – рождение новых понятий, а соответственно, и новых терминов – закономерное явление.

Научно-практическое резюме статьи, как это было отмечено в Государственной программе развития и функционирования языков в Республике Казахстан на 2011-2020 годы, сводится к мысли о важности задачи по унификации терминологической лексики, пополнении терминологического фонда с изложением на конкретных примерах существующего законодательства.

SOVEREIGNTY OF THE STATE AND DEVELOPMENT OF LANGUAGE

Aiymbetov Madi

Leading researcher of the sector of research linguistic expertise
of legal acts and international agreements of Linguistic center
of the Legislation Institute of the Republic of Kazakhstan, Astana,
Republic of Kazakhstan, e-mail: m.aiymbetov@adilet.gov.kz

Keywords: terminological fund; the terms of the international application; identification of terminological vocabulary.

Abstract. The article comprehensively, in the conceptual aspect addresses the issue of the appointment of a high value of state language in public life, the status of which is determined by the Constitution of the Republic of Kazakhstan. One of the main aspects of the affected subjects are relevant and profound thoughts of the Leader of the nation - Elbasy, set out in his books about the historical development of the country in the years of independence. The great and eternal mission of the state language - is the preservation of a unique national identity and unity of the people of Kazakhstan and to be ideological support in the country where dominate the creative spirit of independence. Further its full development is directly related to the results of public life, which is integrated with the economic, political and cultural globalization, it is the immutable reality.

In this aspect, it analyzes the main pivotal theme of the article: effective and sustainable systemic use of the native language in national legislation, as well as address the issue of quality of its modernization due to the time requirement. If we consider that the object of the legislation is the legal issues in all spheres of society, the terms that reflect the regulatory content in it and, in general, all legal vocabulary as inseparable from the national language lexical-semantic database. The purity and transparency of the base, the addition of its new concepts and subject content associated with the development of the country in different spheres of modern life and it is

a natural phenomenon. Therefore, the annual addition and terminological fund update, which is the basis of the legislative language - an inevitable fact. And it should not be considered separately from life situations. In the same aspect, and there are mandatory requirements for the legislative term, because the law - have statutes and regulations governing the universal human relationships in society. And here it is important to the adequacy of the regulatory, legal accuracy. From this point of view - the birth of new concepts, and thus the new terms - a natural phenomenon.

Scientific and practical summary of the article, as noted in the State program of functioning and development of languages in the Republic of Kazakhstan for 2011-2020 is consolidated to a thought of importance of a task of unification of a terminological lexicon, replenishment of terminological fund with a statement on concrete examples of the existing legislation.

«Ана тілінен артық қазақ үшін бұл дүниеде қымбат не бар екен!? Әрине, одан қымбат ештеңе жоқ деп айтуға болады. Ғасырлар бойы қазақтың ұлт ретіндегі мәдени тұтастығына ең негізгі ұйытқы болған оның ғажайып тілі! [1]. Әр қазақтың жүрегінде, жадында жаңғырып жүретін осынау зерделі де кемел сөздердің авторы – тәуелсіз еліміздің тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев.

...Ана сүтімен бойға даритын тілдің адамның бүкіл адами тіршіліктегі болмысының, ой-сана әлемінің жанды көрінісі, алтын арқауы екендігі бағзы заманнан адамзатпен бірге жасап келе жатқан ақиқат. Тілдің ұлы да мәңгілік миссиясы – ұлт ретіндегі бірегейлікті де, тұтастықты сақтау, соған ұйытқы бола білу. Өзіне осындай аса маңызды да жауапты өмірлік міндетті жүктеген туған тілімізге еліміздің Ата заңы мемлекеттік тіл деген конституциялық мәртебені ресми тұрғыда бекітіп, ұлттық тіліміздің қоғам өміріндегі тұғырлы да биік орны біржола айқындалды. Еңсесін көтерген тіліміздің еркін өрістеп, өркен жаюына жол ашылатын тарихи мүмкіндік туды. Осы ретте Ел көшбасшысының жоғарыда аталған тарихи еңбегінде тіл туралы ойын сабақтай келе «ұлттық мемлекеттілік – қазақ тілінің мемлекеттік тіл болуы» [1] деп оның идеялық тұғырын өте айқын да нұсқалы айқындама бергенін айта кеткен абзал. Халқымызбен бірге жасап, оның күллі тіршілігімен біте қайнасып, әрқилы заманалардың сынынан өткен, қазынасы бай ғажайып тіліміз, міне, ширек ғасырлық мерзімнің аясында тәуелсіздігімізбен бірге өзінің жасампаз рухын одан әрі нығайта беруге бағыт түзеп келеді. Осы жылдар ішінде жоғарғы өкілді билік пен атқарушы билік мемлекеттік тілді кеңінен қолданысқа енгізудің заңнамалық әрі саяси, нақты іс-шараларын жасады. Тіл туралы заң қабылданды, кезең-кезеңге арналған мемлекеттік бағдарламалар жүзеге асырылды. Мұның бәрі, түптеп келгенде, қазақ тілінің мемлекеттікті сақтау мен дамыту, еліміздің аумақтық, ұлттық тұтастығын қамтамасыз етудегі маңызды факторлардың бірі ретінде қоғамдық өмірдегі орнын

белгілеп бергені сөзсіз. 2014 жылы 24 тамызда «Хабар» телеарнасына Ұлытау төрінен берген тарихи сұхбатында Президент: «Мемлекеттік тілдің қолданылуы, оның өркендеуі үшін барлық жағдай жасалды. Конституцияға «Мемлекеттік тіл – қазақ тілі» деп тайға таңба басқандай етіп жазылды. Ешкімге қазақ тілінде сөйлеме деп, кедергі жасап отырған бір адам жоқ. Өзіміз қазақша сөйлеуіміз керек» [2] деген сөзі арқылы ана тілімізге қатысты мәселені ел жадына қаларлықтай пайыммен тұжырды.

Міне, ұлттық өрнегі мол тіліміздің өз биігіне жетуіне бүгінгі таңда тәуелсіз елімізде ешбір кедергі болмайтыны – еш даудай тудырмайтын, барша қазақстандық заңды түрде мойындайтын конституциялық бұлжымас ақиқат болып қалды. Мұның өзі Қазақ елінің барша азаматтарының жүрегінде мемлекеттік тілге деген кіршіксіз ұлтжандылық сезім мен берік сенім ұялатқаны шүбәсіз.

Кеңестік заманда ондаған жылдар бойы қоғам өмірінің барлық мәселелерінде мүшкіл халінен шетқақпайлық күй кешкен еңсесін көтерген тіліміздің еркін өрістеп, өркен жаюына жол ашылатын тарихи мүмкіндік туды. Сөйтіп тәуелсіздіктің алғашқы кезеңдерінен бастап өзінің ұлттық мазмұнына ие бола бастады. Елбасының «Қазақ тілі – ұлт болмысының бір көрінісі... бүгінгі таңда ана тілін білу әрбір қазақтың парасаттылық және ұлттық қажеттілігі болып отыр» деген ойы да осы орайда бүгінгі өмірдің барлық саласында мемлекеттік тілдің толық мәнінде орнығуына қатысты мәселелерде айрықша маңызы бар.

Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаның шеңберінде ғылыми-танымдық, практикалық мәні ерекше зор академиялық түсіндірмесөздіктердің толықтырылған жаңа нұсқалары мен көптеген терминологиялық сөздіктер жарық көріп, жұртшылықтың игілігіне айналды, тілдік алтын қорымызды молықтыру ісіне белгілі деңгейде үлес болып қосылды.

Осы орайда жүзеге асып жатқан

бұл қадамдар аталған бағдарламадағы: «терминологиялық қорды жаңа терминдермен жаңарту тілдік тарихи мұраны қайта жаңғыртуды, сондай-ақ терминтану мен терминография жөніндегі арнайы жұмыстарды жүргізуді талап етеді» деген тұжырымдамалық қағиданың негізінен туындағаны белгілі.

Осы бағдарламаның аясында тәуелсіздіктің жиырма жылдығына орайлас 2011 жылы шығарылған, 150 мыңнан астам атау сөз бен сөз тіркесін қамтыған он бес томдық «Қазақ әдеби тілінің сөздігіне» Қазақстан Республикасы Президенті Н. Назарбаевтың алғы сөз жазуының өзі бұл еңбектің баға жетпес құндылығын айқындайтын, «ата-бабаларымыздың үзілмей жеткен ұлттың ұлы байлығы – қазақ тілінің заманға сай жаңғырып, тәуелсіздік тұсында орныққан жаңа ұғым, термин, атаулармен мейілінше толысқандығының, барынша өсіп-өргендегенінің белгісі, еліміздің рухани-мәдени өміріндегі ең елеулі оқиғалардың бірі»¹ болғандығының бірден-бір дәлелі.

Бұл ретте әсіресе заңнама мәселесінде ана тіліміздің өз мәнінде ұғынықты да ұтымды, жүйелі де орнықты, «заманға сай жаңғырып» көрініс беруіне ерекше ден қою қажеттілігі өзекті сипатқа ие болғандығын атап өткен жөн.

Заңнама саласы қоғам өмірінің барлық саласын қамтиды десек, оның қолданатын терминдері, сөз атаулары мен тұтастай лексикасы - ұлттық тілдік қорымыздың үлкен бір арнасы. Ал осы арнаның ағысы мейілінше таза да тұнық болуы, ел өмірінің әр салада дамып, өркендеуімен байланысты пайда болатын жаңа ұғымдық, мағыналық атаулармен толығып отыруы заңды құбылыс. Сондықтан заңнама лексикасына өзек болатын термин қоры ауқымының жылма-жыл молығуы да, жаңаруы да – ғылыми-практикалық сипаттағы факті. Жалпы тіл байлығының барынша көрініс табуы дегеніміздің өзі тұрмыс-тіршіліктің аясында халықпен бірге өсіп, кеңейіп отыратын жанды құбылыс. Тіл қолданысын, оның ішінде заңнама тілінің қолданысын өмірлік осы құбылыстан бөліп алып қарауға болмайды. Заңнама терминіне қойылатын талап да осы үрдістен келіп өрбиді, өйткені заң - адамның тыныс-тіршілігінің әрекетін реттейтін жарғылық әрі қағидалық құрал. Ал мұндай жағдайда оның белгілі бір нақты ұғымдарды бұлжытпастай дәл мағынада беруі өте маңызды. Бұл тұрғыдан кел-

генде Мемлекеттік бағдарламада атап көрсетілгендей, терминологиялық лексиканы біріздендіру, терминологиялық қорды толықтыру жөніндегі міндет өте өзекті болып саналады деген тұжырымның маңыздылығы өте зор екенін айта кеткен жөн. Бағдарламаның мақсаттары, міндеттері, нысаналы индикаторлары және оны іске асыру нәтижелерінің көрсеткіштерінде: «қазақ тілінің реттелген терминологиялық қорының үлесін 2014 жылға қарай – 20 пайызға, 2017 жылға қарай – 60 пайызға, ал 2020 жылға қарай – 100 пайызға жеткізу және терминологиялық комиссия бекіткен терминдердің санын 2017 жылға қарай – 18000-ға, 2020 жылға қарай – 27000-ға дейін»² көбейту көзделген. Мұндай көрсеткіштерге қол жеткізу тілші мамандардың, терминолог-ғалымдардың, заң терминдерімен жұмыс істейтін заңгерлердің, лингвист-мамандардың біліктілігі мен мол тәжірибесін қажет етумен қатар, термин түзуге қойылатын лингвистикалық, құқықтық талаптардың негізінде оның сапалық деңгейін көтеру мәселесін де алға тартады. Еліміз тәуелсіздік алған кезеңнен бастап қабылданған заңнама мәтіндеріндегі терминдерді жүйелеу және біріздендіре отырып, оларды ресми түрде бекіту мен заңнамалық сөздіктер сериясын, әсіресе заңнама қос тілді аударма сөздіктері және түсіндерме сөздіктерін жасау ісі соңғы он шақты жылдың көлемінде әжептәуір жанданды.

Мұның өзі түптеп келгенде терминдік қорды жинақтауға, оларды салалық сипатына қарай жіктеуге көп септігін тигізгенін айта кеткен орынды. Жинақтау мен жүйелеу жұмысы арқылы терминдік атауларды, терминдік тіркестерді, тұтастай алғанда заң фразеологиясын лексикалық-нормалық тұрғыдан сапалық жетілдіру жүзеге асырылды. Тәуелсіздіктің алғашқы онжылдығында қабылданып, кейіннен күші жойылған заңдар мен кодекстердің жаңа нұсқалары уақыт талабына орай құқықтық, нормалық жағынан өзгертіліп, толықтырылумен қатар бұлардың мәтіні терминдік тұрғыдан да жаңартылды. Сонымен бірге осы үрдістің негізінде мемлекеттік тілде бірізге түспей әртүрлі қолданылып жүрген терминдер мен тұрақты тіркестердің бірқатарына редакциялық түзетулер жасалып жаңаланды. Бұл орайда әсіресе 2014-2015 жылдар аралығында қабылданған Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің (03.07.2014), Қазақстан Республикасының

¹ Қазақ әдеби тілінің сөздігі. I том. Алматы: 2011. 23-б.

² Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы

Қылмыстық-атқару кодексінің (5.07.2014), Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің (04.07.2014), Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (31.X. 2015 ж.), Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің (05.07.2014), Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің (23.XI.2015), Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінің (29.X.2015), мемлекеттік тілдегі терминологиясындағы сапалық өзгеріс-нақтылауларды атап кетуге болады. Мысалы, қылмыстық мәселелермен байланысты кодекстердегі «қылмыстық іс жүргізу» термині «қылмыстық процестік»; азаматтық құқықпен байланысты кодексте «азаматтық іс жүргізу құқығы» - азаматтық процестік құқық болып, азаматтық іс жүргізу принциптері - азаматтық іс жүргізу қағидаттары (принципы гражданского судопроизводства); әкімшілік құқық бұзушылық кодексінде «әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңдар принциптері» - «әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнама қағидаттары»; еңбек мәселесіне байланысты кодексте «еңбек стажы - еңбек өтілі (трудовой стаж)», қызметкер – жұмыскер (работник), «тарифтік ставка» – «тарифтік мөлшерлеме (тарифная ставка)», «тараптардың айтысуы мен тең құқықтылығы» - «тараптардың жарыспалылығы мен тең құқықтылығы» (состязательность и равноправия сторон) нақтыланды, сондай-ақ «бейбәсекелестік» («неконкуренция») сияқты жаңа термин енгізілді. Заңнама терминдеріндегі сапалық өзгерістерді соңғы бірер жыл көлемінде қабылданған заңдар мен кодекстерінің барлығынан дерлік көруге болады. Мұны тілдің жаңару және дамуының нақтылы көрінісі деу қажет.

Ұлттық тіліміз - Мәңгілік ел идеясын орнықтыруға бет түзеген, тәуелсіздіктің жасампаздық рухы салтанат құрған еліміздің берік тұғырының бірі десек, оның бұдан әрі де толысып өркендеуі бүгінгі таңдағы қоғамдық қатынастың сан-салалы мәселелерінде экономикалық, саяси, мәдени тұрғыдан жаһандық ықпалдасудың нәтижесіне тікелей байланысты екенін ұмытпауымыз қажет. Осы реттен келгенде тілдік қорымызда көптеген жаңа ұғымдардың пайда болуы – заңды құбылыс. Мәселен, *акциз, акция, акционер, аккредиттеу, аудит, аннуитет, банкрот, биржа, вексель, гендер, грант, менеджер, маркетинг, форс-мажор* және т.б. толып жатқан терминдер, атаулар лексикалық қорымызға кіріп, әбден сіңісті болып кетті. Бұдан тілдің шұбарланып кеткен

ештеңесі жоқ. Елбасының Ұлытауда берген сұхбатында: «Тілді байыту керек! Оған халықаралық ұғымдарды енгізсек, тіліміз дамиды» [2] деген пайымының өте орынды айтылғандығының бір дәлелі де, міне, осы емес пе!? Сондықтан заңнама мәтіндерінде көп кездесетін халықаралық қолданыстағы терминдерді жаппай аударудың қажеттілігіне мейлінше жауаптылықпен әрі талғаммен қарау керек. Яғни, пуризмдік әсіреліліктің жетегінде кетуден сақтанған жөн.

Заңнамалық қызметте халықаралық қолданыста қалыптасқан терминдердің арасынан баламалы мағынасымен қазақша қолданылуға жататындарын саралау және жүйелеу жұмысын қолға алу қажет. «Халықаралық термин» деген ұғым - шартты ұғым. Мұның заңи дұрыс ұғымы - халықаралық қолданыстағы термин. Міне, сондай терминдердің түбірін зерделесек, олардың дені түп-тамыры латын, грек, парсы, араб тілдерінен, ішінара, француз, ағылшын, неміс тілдерінен алынып, халықаралық лингвистика әлеміне еніп кеткен терминдер екеніне көз жеткіземіз. Бұл ретте солардың көпшілігінің тәуелсіздік жылдарында қабылданған заңнама мәтіндерінде қазақша сәтті аудармасы жасалғандығын айта кеткен абзал. Айталық, француз тілінен енген «финанс» (қаржы), латынның «агитация» (үгіт), «адаптация» (бейімделу), тізбелей берсек талай сөздерінің қазақша тамаша баламасы табылған, оны өз тіліміздің лексикасына сіңістіріп қолданып жүрміз. Солай бола тұрса да, ғылым, медицина, қаржы, техника, экономика, дипломатия, тағы да басқа көптеген салалар бойынша халықаралық ортақ қолданыстағы, ана тілімізде белгілі бір бірегей ұғымды білдіретін кейбір терминдерді аударудың қажеті бар ма деген де орынды сұрақ туындайды. Мәселен, латынның «адвокат» сөзін қалайша бір-ақ сөзбен жұп-жұмыретіп қазақшалауға болады? Сотталушыға ара түсетін, соның мүддесін қорғайтын арашашы, әлде мүддегері дейміз бе, қалай десек те қисынын келтіру қиындау екені анық. Ал осы «адвокат» сияқты, тіліміздің әдеби нормасына біржола енген бірегей терминді аударудың машақатына салынудың керегі бар ма?..

Ұлттық тіліміздің, дәстүріміздің табиғатымен үндесетін сөздерге, терминдерге балама іздесек, түркі тілдеріне ортақ түбірі бар атауларға әлі де көбірек ден қойғанымыз жөн. Қазақша баламасы қазыналы, бай тіліміздің заңнамалық қорынан табылған атаулардың қоржыны да әжептәуір: *адаптация – бейімделу, анализ – талдау, анкета – сауалнама, амнистия – рахымшылық, аполитизм –*

бейсаясаттық, артерия – күретамыр, архитектура – сәулет, аффект – жан күйзелісі, брокер – делдал, таможня – кеден, казус – шырғалаң, кредо – ұстан, ұстаным, принцип – қағидат, правило – қағида, процесс – үрдіс және тағысын-тағылар дегендей. Міне, бұлтұрғыдан келгенде термин түзілімінің ғылыми, классикалық және дәстүрлі әдістеме-ізденістерін негізге ала отырып, халқымыздың ықылым заманнан бергі тіршілік-тұрмысына, ұлттық салт-дәстүріне енген нәрлі, өрнекті сөзінің әлемінен де, түбірі бір түркі сөздерінен де өзге тілдегі атаулардың мағынасына нақты баламалық ұғым беретін өзіндік нұсқаларды ыждағаттылықпен талмай ізденіп молынан табуға болады.

Терминология саласындағы ізденістер жан-жақты зерделеуді, сөздің мағынасын этимологиялық, лингвистикалық, түбірі, негізі бір басқа тілдермен салыстыра отырып қарастыруды талап ететін, ғылыми-практикалық сараптауды қажет ететін үздіксіз еңбек.

Осы арада бір ескере кететін жәйт, термин аудармасы дегеніміздің өзі шартты ұғым. Терминдік атаулардың аудармасы-

на қатысты лексикалық, әдеби нормалық ерекшеліктерді сөз еткенде алдымен оның өзге тілдегі ұғымына жасалған ұлттық тілдегі балама деп түсініп, пайымдау керек.

Сонымен мемлекеттік тілімізді – егемендігіміздің, тәуелсіздігіміздің тұғыры ретіндегі мән-мағынасына қатысты ойымызды тұжыра келгенде айтарымыз, оның бүгінгі таңдағы және болашақтағы қоғам өмірінің сан-салалы дамуынан ажырағысыз сипатта болатынын баса айтқан абзал. Ұлттық тіліміздің осы мөлдір тұнығын лайламай, сөз жауһарының үлгілерін табиғи болмысын бұзбай сүзіп ала білсек, оны ұғынықты да дұрыс қолдана білсек, бүгінгі заманғы қоғамдық қатынастардың барлық саласы бойынша мінсіз әрі жатық қазақша терминдерді қалыптастыра беруге әбден болады. Тіліміздің өрісін ашып, тынысын кеңейтуге бірден-бір ықпал ететін заманауи талап та осы. Ширек ғасырлы тәуелсіздігіміздің тұғырлы биігінен мәртебесі асқақтатып, өркендеп, дамудың тағдырлы сара жолына түскен Мәңгілік елдің бүгінгі ұлттық ой-санасын болашаққа жеткізетін де – біздің қасиетті Ана тіліміз.

ӘДЕБИЕТ

1. Н.Ә. Назарбаев «Тарих толқынында». – Алматы: Атамұра, 2003. – 288 бет.
2. Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Ұлытау төріндегі сұхбаты. 25 тамыз 2014 ж.

REFERENCES

1. Nazarbaev N.Ә. «Tarih tolkynynda». – Almaty: Atamyra, 2003. – 288 bet.
2. Kazakstan Prezidenti N.Ә. Nazarbaevtyñ Ylytau tórindegi sýhbaty. 25 tamyz 2014 zh.

